Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# Төрт түлік - мал

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 12.10.2020 | https://bilimger.kz/82926/ |

---

Төрт түлік-мал

Тажмағанбетова Қарлығаш

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Білім бөлімі:** Тіл дамыту

**Тақырыбы:**Төрт түлік мал

**Мақсаты:**Үй жануарларымен таныстыру,олар туралы үйлесімді әңгіме құрастыруды үйрету,төрт түлік малжайлы білімдерін кеңейту,олардың төлдерін ажырата білуге үйрету.Жұмбақтар, тақпақтар айтқызу арқылы тілдерін дамыту.

**Көрнекілігі:**Суреттер, таратпалы материалдар.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы-<br>лық<br>оятушылық<br><br>Танымдық оятушылық<br><br>Ұйымдастырушы-<br>лық ізденушілік | Жылулық шеңбері:<br><br>Психологиялық сәт.<br>Балалар суреттегі бейне арқылы психологиялық көңіл күйлерін білдіреді.<br>Балалар бәріңде бүгін қуанышты екенсіңдер,біз осы қуанышымызбен бүгінгі оқу іс-әрекетімізді бастаймыз.<br><br>Есік қағылып Айжан қуыршақ келгенін,өзімен қоржын ала келгенін хабарлайды.<br><br>Балалар біз «Бауырсақ» ертегісін білеміз бе?<br>Қане кімнің есіне түсті?<br>Балалар ертегідегі бауырсақ неден қашты?<br><br>Балалар міне осы аталған жануарларды біз жабайы жануарлар деп атаймыз.<br>Біз жабайы жануарларды білдік,ал үй жануарларын білеміз бе?<br><br>Балалардың назарын теледидарға аудару.Слайд арқылы көрсетілген үй жануарларына жеке- жеке мағлұмат беру.<br><br>Міне осы аталған жануарларды төрт түлік мал деп атаймыз.<br>Олардың адамға тигізер пайдасын атап өтейікші.<br><br>Сергіту сәті:<br>«Тіл ұстарту»<br><br>-ян-,ян,-ян-ұзын құлақ сұр қоян.<br>-ра,-ра,-ра-қозыға жақсы қара.<br>-ю,-ю,-ю,-қорбаңдаған аю.<br>-ой,-ой,-ой-маңыраған қой.<br>-кі,-кі,-кі-бұл айлакер түлкі.<br><br>Балалар қане орнымызға жайғасайық.<br>«Венн диограммасы»арқылы балаларға сұрақ қойып,үй жануарларын және төлдерін ажыратып қабырғаға жапсырады.<br><br>Дұрыс айтасыңдар балалар,<br>Үй жануарларының төлдерін тауып, атайды. Дауысын салады.<br><br>-Қой қалай маңырайды?<br>-Сиыр қалай мөңірейді?<br>-Жылқы қалай кісінейді?<br>-Түйе қалай боздайды?<br>-Ешкі қалай бақырады?<br><br>Ой жарайсыңдар балалар!<br>Сендерге ойын ұнады ма?<br><br>Айжан қуыршақ әкелген қоржыннан жұмбақ алып шешуін табуларын сұрайды.<br><br>1.Кезекті бір жануар,<br>Үстінде екі тауы бар.<br>Ол не?<br><br>2.Кішкене ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар.<br><br>3.Төрт аяғы бар,<br>Басында екі таяғы бар. | Балалар шеңбер бойлап тұрады.<br><br>Тәрбиеші көрсеткен сурет<br>арқылы мұңаяды,жабырқайды,<br>армандайды,алақайлап<br>қуанады.<br><br>Үстел жағалай отырады.<br>Қуанады.<br><br>Иә,білеміз.<br>Ортаға Балауса суырылып шығып ертегіні айтып береді.<br>-Қояннан,аюдан,қасқырдан қашып түлкіге жем болады.<br><br>Жоқ,білмейміз.<br><br>Балалар теледидарға көңіл бөледі.<br><br>Атайды:<br>-Сиыр<br>-Түйе<br>-Жылқы<br>-Қой<br>-Ешкі<br><br>-Сиыр сүт береді.<br>-Сүттен қаймақ,май,құрт жасайды.<br>-Түйеден қымыран аламыз.<br>-Жылқыдан қымыз аламыз.<br>-Қой мен ешкінің жүнінен жіп иіріп,киімдер тоқиды.<br><br>Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды.<br>-ян-,ян,-ян-ұзын құлақ сұр қоян.<br>-ра,-ра,-ра-қозыға жақсы қара.<br>-ю,-ю,-ю,-қорбаңдаған аю.<br>-ой,-ой,-ой-маңыраған қой.<br>-кі,-кі,-кі-бұл айлакер түлкі.<br><br>Балалар орындарына отырады.<br><br>Балалар қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап береді.<br><br>Иә,ойнаймыз.<br><br>-мә-мә-мә деп маңырайды.<br>-мө-мө-мө деп мөңірейді.<br>-ио-ио-ио деп кісінейді.<br>-бө-бө-бө деп боздайды.<br>-бе-бе-бе деп бақырады.<br><br>Иә, ұнады.<br><br>-Түйе.<br><br>-Қой.<br><br>-Сиыр. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| Жетекші жөндеуші | Қорытынды:<br>«Біз не білідік?»<br>Балалар біз бүгінгі оқу іс-әрекетімізде төрт түлік мал туралы таныстық.<br>Үй жануарларына қандай жануарлар жатады екен?<br><br>Неліктен оларды үй жануарлары деп атайды екен?<br><br>Жарайсыңдар балалар,сендер бүгінгі оқу іс-әрекетімізге жақсы қатыстыңдар.<br><br>Қуыршақ Айжан риза болғанын,сыйлығы бар екенін хабарлайды.<br><br>Құртты таратады.<br><br>Сендерге көп рахмет. | -Сиыр,қой,түйе,ешкі,жылқы.<br><br>Себебі біз оларды үйде ұстаймыз, үнемі шөп,су,жем береміз.сондықтан үй жануарлары деп атаймыз.<br><br>Қуана қоштасады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Үй жануарларын,олардың төлдерін ажырата, төлдер туралы тақпақтар айта біледі.

**Қалыптасқан түсінік:** Төрт түлік мал, олардың пайдасы туралы түсінігі қалыптасады.

**Орындаушылық қабілеті:**Жұмбақтарды шешеді, тапсырмаларды орындай біледі.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.